

**Бауржан Бокаев¹, Азат Қаймолдиев²,
Гүлдана Бақтиярова³, Нұрбек Айжарықов⁴**

¹Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы вице-ректоры, PhD
(Астана, Қазақстан)

email: b.bokayev@ara.kz

²ҚР Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы, МА, МРМ, зерттеуші,
(Астана, Қазақстан)

email: kaimoldiyev@gmail.com

³ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы,
өңірлік даму магистрі, зерттеуші,
(Астана, Қазақстан)

email: bgn-89@mail.ru

⁴Сулейман Демирель университетінің оқытушысы,
коммуникация магистрі,
(Қаскелең қаласы, Қазақстан)

email: nurbek.aizharykov@gmail.com

АДАМ КАПИТАЛЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАР БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШЕТЕЛДІК УНИВЕРСИТЕТ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ БІЛІМІН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Аңдатпа. Адами капиталға инвестиция – адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту, компаниялардың дамуы немесе тұтастай алғанда ел экономикасының өсуі үшін қажетті шаралар.

Мақалада шетелдік ЖОО-ның қазақстандық түлектерінің басқа елдерде оқу процесінде алған құзыреттері, білімдері мен дағдылары, сондай-ақ, қазақстандықтардың жұмыста интеллектуалдық әлеуетін толық пайдалануға кедергі келтіретін барьерлер мен тосқауылдар қарастырылған.

2021 жылдың 26 сәуірі мен 29 мамыры аралығында Google онлайн формасы негізінде шетелдік жоғары оқу орындарының қазақстандық түлектері арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 1111 адам қатысты.

Ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша қазақстандықтар шетел университеттерінде оқуды аяқтағаннан кейін еңбек нарығына белгілі бір қасиеттер жиынтығымен, оның ішінде аналитикалық дағдылар, компьютерлік және коммуникациялық дағдылар, көшбасшылық, менеджмент саласындағы білім, сонымен қатар, тілдік құзыреттіліктермен және басқа да дағдылармен

енетіні анықталды. Алайда, шетелдік жоғары оқу орындары түлектерінің кәсіби қызметінде белгілі бір білім, құзыреттер мен дағдыларды қолдану деңгейі төмен деңгейде. Уақыт өте келе бұл регрессияға және жұмысшылардың құзыреттілігінің төмендеуіне әкеледі. Нашар сценарийлердің алдын алу үшін Қазақстан Республикасы білім беру көші-қоны және адами капиталды дамыту саласындағы тиімді мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша жұмысты дәл қазірден бастауы керек.

***Түйін сөздер:** білім көші-қоны, зияткерлік әлеует, «Болашақ» бағдарламасы, Қазақстан*

Бауржан Бокаев, Азат Каймолдиев, Гүлдана Бактиярова, Нурбек Айжарыков

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОЛИТИКА ПО ИНВЕСТИЦИЯМ В ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ: ОЦЕНКА ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ЗНАНИЙ ВЫПУСКНИКОВ ЗАРУБЕЖНЫХ ВУЗОВ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. Инвестиции в человеческий капитал являются необходимыми мерами для повышения качества жизни людей, развития компаний или для роста экономики страны в целом.

В статье исследуются компетенции, знания и навыки, которые получили казахстанские выпускники зарубежных вузов в процессе обучения в других странах, а также изучаются барьеры и препятствия, которые мешают казахстанцам полностью применять на работе свой интеллектуальный потенциал.

В период с 26 апреля по 29 мая 2021 года, на базе онлайн Google формы проводился опрос среди казахстанских выпускников зарубежных вузов. 1111 человек приняли участие в анкетировании.

По итогам научного исследования было выявлено, что по завершению обучения в зарубежных вузах казахстанцы выходят на рынок труда с определенными наборами качеств, в основном включающими в себя аналитические способности, компьютерные и коммуникативные навыки, лидерство, знания в области менеджмента, языковые компетенции и другие навыки. Однако уровень применимости определённых знаний, компетенций и навыков в профессиональной деятельности выпускников зарубежных вузов находится на низком уровне. С течением времени это приведёт к регрессу и снижению компетентности работников. Чтобы не допустить самых худших сценариев, Республике Казахстан уже сейчас следует начать работу по реализации эффективной государственной политики в области образовательной миграции и развития человеческого капитала.

Ключевые слова: образовательная миграция, интеллектуальный потенциал, программа «Болашақ», Казахстан.

Baurzhan Bokayev, Azat Kaimoldiyev, Guldana Baktiyarova, Nurbek Aizharykov

**GOVERNMENTAL POLICY OF INVESTMENTS IN HUMAN CAPITAL:
EVALUATION OF THE EFFECTIVENESS OF THE APPLICATION
OF KNOWLEDGE OF GRADUATES OF FOREIGN UNIVERSITY IN
KAZAKHSTAN**

Abstract. Investments in human capital are necessary measures to improve the quality of people's life, the development of companies or for the growth of the country's economy.

The article examines the competencies, knowledge and skills that Kazakh graduates of foreign universities received in the process of studying in other countries, as well as the barriers and obstacles that prevent Kazakhstanis from fully using their intellectual potential at work.

In the period from April 26 to May 29, 2021, a survey was conducted among Kazakhstani graduates of foreign universities based on an online Google form. 1111 people took part in the survey.

According to the results of the research, it was revealed that upon completion of studies at foreign universities, Kazakhstanis enter the labor market with certain sets of qualities, mainly including analytical skills, computer and communication skills, leadership, knowledge in the field of management, language competencies and other skills. However, the level of applicability of certain knowledge, competencies and skills in the professional activities of graduates of foreign universities is at a low level. Over time, this will lead to regression and a decrease in the competence of workers. In order to prevent the worst scenarios, the Republic of Kazakhstan should start work on the implementation of an effective state policy in the field of educational migration and the development of human capital right now.

Key words: educational migration, intellectual potential, «Bolashak» program, Kazakhstan

Кіріспе

Адами капиталға инвестициялар адамдардың өмір сүру сапасын арттыру үшін, компанияларды дамыту немесе тұтастай алғанда ел экономикасын өсіру үшін қажетті шаралар болып табылады [1]. «Қазақстан-2050» стратегиясында Қазақстан Республикасының әлемнің неғұрлым дамыған отыз елінің қатарына кіруге ұмтылысы туралы айтылған және осы мақсатқа қол жеткізу үшін мемлекет қазақстандықтардың білімі мен кәсіби дағдыларын дамытатын болады [2].

1993 жылдан бастап Қазақстан Республикасы азаматтарының стипендиаттардың барлық қаржылық шығыстарын өтейтін «Болашақ» халықаралық стипендиясы шеңберінде әлемнің үздік университеттерінде оқуға мүмкіндігі бар.

«Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ деректері бойынша «Болашақ» бағдарламасын іске асырудың бүкіл кезеңінде 14342 стипендия тағайындалды [3]. Бағдарлама түлектері оқуды келесі елдер мен аймақтарда аяқтады: Ресей Федерациясы – 7,9%, Азия елдері – 8,2%, Еуропа елдері – 13%, АҚШ және Канада – 25,7%, Ұлыбритания және Ирландия – 45,2%. Түлектердің жартысынан астамы (54,3%) әлеуметтік-гуманитарлық мамандықтар бойынша оқыды, «болашақтықтардың» 36,7%-ы инженерлік-техникалық бағыттар бойынша, 7,2%-ы медициналық мамандықтар бойынша және 1,8%-ы шығармашылық бағыттар бойынша оқуды аяқтады. Қазіргі уақытта «Болашақ» бағдарламасының 11 000-нан астам түлегі Қазақстанда өз қызметін жүзеге асыруда [3].

Қазақстанда адами капиталға инвестицияларды кеңейту білім алушылардың өз қаражаты есебінен, үкіметаралық және университеттік гранттар, оның ішінде әртүрлі халықаралық ұйымдар есебінен де жүреді [4]. Жалпы, Қазақстанда еңбек нарығын кәсібилендіру әр түрлі қаржыландыру көздерімен және шетелде сапалы білім алу үшін жастарды қолдау бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатымен жүзеге асырылады.

Осылайша, Қазақстанда жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясат кәсіби кадрларды даярлау жөніндегі стратегияны дәйекті түрде жүзеге асырады, ал бұл стратегия бойынша инвестициялар адами капиталды дамыту үшін неғұрлым тиімді әдіс болып табылады.

Тартымды болуға тырысып, әлемнің дамыған елдері үздік әлеуметтік және қаржылық жағдайларды ұсына отырып, үздік шетелдік түлектерді өздерінде қалдыруға тырысады. Мысалы, әлемнің озық елдері барлық жерде мемлекеттік ауқымды міндеттер мен жобаларды жүзеге асыруға «дарынды зерделілерді», соның ішінде шетелдік отандастарды тартудың тетіктерін енгізуде. Осы мақсатта көптеген елдерде жоғары білікті мамандар мен ғалымдарға арнайы визалық және салықтық жеңілдіктер қарастырылған. Мысалы, ҚХР үкіметі Қытайды жасанды интеллект бойынша әлемдік көшбасшыға айналдыру мақсатына жету үшін 2019 жылы шетелдік таланттарды, көрнекті жастарды және шетелдегі қытайлықтарды тарту үшін иммиграциялық заңдарға стратегиялық өзгерістер енгізді және венчурлық капиталды тарту үшін салықтық жеңілдіктер енгізді [5]. Осылайша, әлемнің дамыған елдері стратегиялық мақсаттарға жету үшін көрнекті шетелдіктер мен олардың отандастарының интеллектуалдық әлеуетін пайдаланады. Қазақстанда шетелдік жоғары оқу орындарын бітірген азаматтар үшін мемлекеттік деңгейде жеке және мансаптық өсу үшін жобалар мен мүмкіндіктер әзірленуде. Мысалы, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарына сәйкес шетелдік жетекші ғылыми орталықтар мен университеттерде жұмыс істейтін отандастарды тартуға бағытталған арнайы мемлекеттік бағдарлама құрылады [6]. Ал «Қазақстан-2050» стратегиясында қазақстандықтардың шетелдік еңбек нарықтарына көптеп кетуін болдырмау мақсатында мемлекет отандық білікті кадрлар үшін қолайлы жағдайлар жасайтыны айтылған [2]. Бұл стратегияның орынды әрі сәтті түрде жүзеге асырылуы Қазақстандағы

жалпы көші-қон сальдосына да оң әсерін тигізуі ықтимал. Қазіргі таңда, ғалымдардың пікірінше, 2012 жылдан бастап Қазақстандағы «таза көші-қон» көрсеткіші теріс болды [7].

Адами капиталға инвестициялауға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруда бифуркациялық күшке ие кәсіби қалыптасу, кәсіби өзін-өзі сәйкестендіру, сондай-ақ қазақстандықтар Отанына оралған кезде тап болатын кедергілер мен тосқауылдар сияқты құбылыстар бар.

Бұл зерттеудің мақсаты шетелдік жоғары оқу орындары түлектері болып табылатын Қазақстан азаматтарының кәсіби және әлеуметтік-психологиялық құзыреттері мен үміттерінің бейінін зерделеу арқылы адами ресурстарға инвестицияларды бағалауды зерттеумен байланысты. Адам капиталы теориясына сүйенсек, «білім – болашаққа пайда әкелетін инвестиция», бұл себеп те зерттеудің мақсатының өзектілігін арттыра түседі [8]. Жалпы, адами капитал тақырыбында Quiggin [8], Ul Haque [9] және Smith [10] атты авторлар өз еңбектерінде келесі теорияға сүйенеді «соңғы уақытта білім беруге жұмсалатын шығындардың қысқаруы болашақта ұлттық табыстың азаюына әкеледі». Бұл теория бойынша да адами ресурстарға инвестицияларды бағалауды зерттеу маңыздылығын арттыра түседі.

Зерттеу міндеттері:

1. Шетелдік жоғары оқу орындарын бітірген қазақстандық түлектер басқа елдерде оқу процесінде қандай білім, құзыреттілік және дағдылар алды?
2. Шетелдік жоғары оқу орындарының қазақстандық түлектерінің зияткерлік әлеуеті кәсіби қызметте қандай дәрежеде қолданылады?
3. Қазақстандық шетелдік жоғары оқу орындарының түлектеріне алған білімдерін, құзыреттері мен дағдыларын жұмыста қолдануға кедергі келтіретін қандай кедергілер мен тосқауылдар бар?

Зерттеу әдістері

Осы мақалада қарастырылатын ғылыми зерттеу білікті жұмыс күшінің ұтқырлығын зерттеу кезеңдерінің бірі болып табылады және шетелдік жоғары оқу орындарының қазақстандық түлектеріне онлайн сауалнама жүргізуді қамтиды. Бұл зерттеуде ұсынылған деректер мен нәтижелер сандық зерттеу тәсіліне сүйене отырып жасалған. Осылайша, бұл зерттеудің негізгі нәтижелері социологиялық сауалнамалардың көмегімен алынды.

Таңдама жиынтығы 1111 адамды құрады, 93%-ы Отанына оралғандар және 7%-ы шетелде қалғандар. Сенімділік дәлдігі 98%.

Сауалнама 4 блоктан және 32 сұрақтан тұрды.

Зерттеудің бірінші блогы респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларына арналды. Болжам бойынша, белгілі бір жастағы когорттың және отбасылық жағдайдың түлектері Отанымен тұрақты әлеуметтік және эмоционалды байланыстарға ие және сәйкесінше олардан инвестициялардан жоғары қайтарым деңгейі күтіледі.

Екінші бөлімде шетелдік жоғары оқу орындарынан алынған тұлғалық даму және кәсіби құзыреттілік мәселелері қарастырылды. Зерттеудің үшінші блогының негізгі міндеті шетелдік жоғары оқу орындары түлектерінің Қазақстанда да, басқа елде де кәсіби әлеуетін пайдалану шарттарын бағалауға бағытталған. Төртінші бөлімде респонденттердің қызметкерлердің, оның ішінде шетелдік жоғары оқу орындарының қазақстандық түлектерінің кәсіби жұмыс күшін қолдануына қатысты мемлекеттік саясатты бағалауы анықталды.

Зерттеу нәтижелері

Бірінші блок бойынша жүргізілген зерттеу сауалнамаға қатысушылардың көпшілігінің қазақ, орыс және ағылшын тілдерін кәсіби меңгергендігін көрсетті. Респонденттердің орташа жасы: 26-дан 35 жасқа дейін. Шетелде ер адамдар көбірек оқыды, бұл шамамен 50,3%. Сонымен бірге, талдаудан көрініп тұрғандай, респонденттер көп жағдайда некеде тұр – 59,1%, некеде тұрмайтындар – 1/3, ажырасқандар – өте аз. Көптеген қазақстандықтар кәсіби білімін жалғастырды, олардың 67%-ы жоғары білімнің екінші деңгейінде – магистратурада оқыды.

Респонденттердің тек 16%-ы докторантураны бітірді. Кәсіптік білім берудің 3-деңгейінде оқуға ниет білдірушілердің мұндай саны Қазақстан Республикасының ғылыми әлеуетін дамыту үшін жеткіліксіз деңгейді көрсетеді, ал магистратура (бакалавриатты қоспағанда) деңгейі кәсіптік құзыреттердің болмашы орнықтылығын болжауға мүмкіндік береді.

Дәстүр бойынша, шетелде оқыған респонденттердің көпшілігі ірі қалаларда – Нұр-Сұлтан мен Алматыда тұрады. Оқытудан кейінгі айлық табысы көпшілігінде 300 мың теңгені құрайды.

Респонденттердің егжей-тегжейлі әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары 1-кестеде келтірілген.

1-кесте. Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары

№	Сипаттамасы	Қосымша сипаттамасы	Мәні
1	Жалпы саны	-	1111 адам
2	Жасы	18-25 жас	5,5%
		26-35 жас	60,4%
		36-45 жас	25,3%
		46-55 жас	6,5%
		56 жас және одан үлкен	2,3%
3	Жынысы	Әйел	49,7%
		Ер адам	50,3%
4	Отбасылық жағдайы	Үйленген / тұрмыста	59,1%
		Үйленбеген / тұрмыс құрмаған	34,8%
		Ажырасқан	5,8%
		Тұл / жесір	0,3%

№	Сипаттамасы	Қосымша сипаттамасы	Мәні
5	Тұратын аймағы	Нұр-Сұлтан қаласы	47%
		Алматы қаласы	23%
		Ақтөбе, Атырау, Шығыс-Қазақстан, Қарағанды облыстары	Әр облыс бойынша 2,5%
		Шымкент қаласы	2%
		Ақмола, Алматы, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстары	Әр облыста кемінде 2%
6	Кәсіптік білім деңгейі	Бакалавриат	16%
		Магистратура	67%
		Докторантура	16%
		Резидентура	1%
7	Айлық табысы	100 000 теңге дейін	5%
		200 000 теңгеге дейін	19%
		300 000 теңгеге дейін	17%
		400 000 теңгеге дейін	14,3%
		500 000 теңгеге дейін	11%
		600 000 теңгеге дейін	6,5%
		700 000 теңгеге дейін	5%
		800 000 теңгеге дейін	4%
		900 000 теңгеге дейін	3%
		1 000 000 теңгеге дейін	4%
		1 500 000 теңгеге дейін	5%
		2 000 000 теңгеге дейін	3%
		2 000 000 теңгеден астам	5%

Дереккөз: 2021 жылғы 26 сәуір мен 29 мамыр аралығында жүргізілген сауалнама нәтижелері

Сауалнама нәтижелері қазақстандықтарды оқыту үшін неғұрлым танымал елдер Ұлыбритания (42,6%), Америка Құрама Штаттары (19,5%), Ресей Федерациясы (13%) болып табылатынын көрсетті. Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі «Болашақ» халықаралық стипендиясы шеңберінде оқығандарын (82,4%) атап өтті. Респонденттердің көпшілігі үшін шетелде оқудың жиынтық ұзақтығы (58%) 1 жылдан 2 жылға дейін құрады.

Сауалнама нәтижелерінен көрініп тұрғандай, мемлекеттік инвестициялар айтарлықтай мол: респонденттердің 82,4%-ы «Болашақ» стипендиясы бойынша оқыды. Оқитудың басым ұзақтығы – 1 жыл (32,5%) құрады.

Елдер, қаржыландыру, аяқталу жылдары және оқудың жалпы ұзақтығы туралы егжей-тегжейлі ақпарат 2-кестеде келтірілген.

2-кесте. Қазақстандықтарды шетелдік жоғары оқу орындарында оқыту

№	Сипаттамасы	Қосымша сипаттамасы	Мәні
1	Оқу елі	Ұлыбритания	42,6%
		Америка Құрама Штаттары	19,5%
		Ресей Федерациясы	13%
		ТМД Елдері	7,7%
		Германия	4,5%
		Канада, Оңтүстік Корея	Әр елде 3,2%-дан
		ҚХР, Еуропа Елдері, Швейцария	Әр елде 2,9%-дан
		Франция	2,2%
		Австралия, Венгрия, Малайзия, Нидерланды, Польша, Чехия, Жапония, Азия	Әр елде 2% -дан аз
		Австрия, Израиль, Испания, Италия, Норвегия, Сингапур, Финляндия, Швеция, Африка, Оңтүстік Америка елдері	Әр елде 1% -дан аз
2	Оқытудың қаржыландыру көзі	«Болашақ» Стипендиясы	82,4%
		Жеке қаражат / ата-аналар қаражаты	13,7%
		Университет гранты	8,9%
		Үкіметаралық грант	4,5%
		Өзге стипендиялар	9,2%
3	Оқуды аяқтаған жылдары	1992-2007	Жыл сайын 1% -дан кем
		2008	1%
		2009-2012	5,5% жыл сайын
		2013	13,5%
		2014-2016, 2018-2020	8,5% жыл сайын
		2017	9%
		2021 (29 мамырдағы жағдай бойынша)	3%
4	Оқытудың жалпы ұзақтығы	1 жыл	32,5%
		1,5-2 жыл	25%
		2,5-3 жыл	15,2%
		3,5-4 жыл	9,6%
		4,5-5 жыл	9,8%
		5 жылдан астам	7,8%

Дереккөз: 2021 жылғы 26 сәуір мен 29 мамыр аралығында жүргізілген сауалнама нәтижелері

Зерттеудің екінші блогында шетелдік жоғары оқу орындарының түлектері болып табылатын қазақстандықтардың шетелде оқу процесінде алған білімдері, құзыреттері мен дағдылары зерделенді, сондай-ақ олардың жұмыста қолданылу дәрежесі, оның ішінде шетелдік жоғары оқу орындарының қазақстандық түлектеріне оларды кәсіби қызметте қолдануда қандай тосқауылдар мен кедергілер бары анықталды.

Сауалнама нәтижелері респонденттердің пікірінше, шетелде оқу жалпы қазақстандықтардың кәсіби дамуына оң әсер ететінін көрсетті. Респонденттердің көпшілігі (82,4%) «Болашақ» халықаралық стипендиясы қаражаты есебінен оқығанын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимылы Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне қатысты негізгі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес келетінін байқауға болады. Мәселен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы Заңында және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы Стратегиясында мемлекет қоғам мен азаматтардың әлеуметтік-экономикалық, инновациялық және зияткерлік даму қажеттіліктеріне сәйкес келетін елдің білім және ғылыми әлеуетінің деңгейі мен сапасына қол жеткізуге және оны қолдауға мүдделі екендігі айтылған [11, 12].


Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, шетелдік жоғары оқу орындары түлектерінің 42,6%-ы өздерінің компьютерлік дағдыларын дамыта алды. Респонденттердің пікірінше, олар кеңсе бағдарламаларымен жұмыс істеуді жақсы деңгейде үйренді және деректермен жұмыс істеуді игерді.

Қатысушылардың 45,9%-ы өздерінің менеджмент саласындағы білімдерін жақсартқанын, адамдарды басқару және жанжалдарды шешу бойынша білім деңгейін арттырғанын, тайм және жобалық менеджмент саласындағы дағдыларын жақсартқанын, қаржыны реттеу және тәуекелдерді басқару саласындағы құзыреттерін дамытқанын атап өтті.

Респонденттердің жартысына жуығы (49,8%) шетелде оқыған жылдары олар стратегиялық және сыни ойлауды, өкілеттік беруді, басқаларды ынталандыруды, ынтымақтастықты, шешім қабылдауды және басқаша айтқанда, көшбасшылық қасиеттерді дамытқанын атап өтті. Шетелде оқу қазақстандық шетелдік жоғары оқу орындары түлектерінің коммуникативтік дағдыларына да оң әсерін тигізді, респонденттердің 68,5%-ы шетелде оқуын аяқтағаннан кейін жазбаша, бейвербалды және тұлғааралық коммуникацияларда, презентациялау дағдыларында және көпшілік алдында сөз сөйлеуде, келіссөздер жүргізуде жақсарғанын сезді.


Респонденттердің 77,4%-ы өздерінің тілдік құзыреттіліктерін арттырды. Бұл көбінесе ағылшын тіліне қатысты, өйткені сауалнамаға қатысушылардың басым көпшілігі ағылшын тілді елдерде немесе ағылшын тілінде оқытылатын бағдарламаларда оқыды. Респонденттер шетелде оқу барысында аналитикалық қабілеттер дамытынына назар аударды. Сонымен, респонденттердің 80,2%-ы ақпаратты дұрыс түсіндіруді, аналитикалық жазбалар жазуды, мәселелерді шешуді және зерттеу жүргізуді үйренгендерін айтады.

Зерттеу көрсеткендей, оқу процесінде алынған құзыреттілік профилінде диспропорция бар. Респонденттер атап өткендей, олар әлеуметтік-психологиялық құзыреттермен ұсынылған, ал олардың ішіндегі ең маңыздылары (маңыздылығы өсу бойынша көрсетілген) – қарым-қатынас дағдылары, тілдік құзыреттілік, аналитикалық қабілеттер.



1-сурет. Қазақстандықтардың шетелдік жоғары оқу орнында оқу процесінде дамытқан әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік бейіні

Зерттеудің үшінші блогы Қазақстан Республикасының оларды оқытуға инвестициялар бағдарламалары бойынша шетелдік жоғары оқу орындарының қазақстандық түлектерінің еңбек нарығындағы кәсіби қызметте олардың құзыреттерін қолдануын талдауға арналған.



2-сурет. Өзінің кәсіби қызметінде белгілі бір білімді, құзыреттер мен дағдыларды толық көлемде қолданатын шетелдік жоғары оқу орындары түлектерінің үлесі

Осылайша, сауалнама нәтижелеріне сәйкес, шетелдік жоғары оқу орындарын бітірген қазақстандықтардың көпшілігі өз білімдерін, дағдылары мен құзыреттерін кәсіби қызметте толық пайдаланбайды деп санайды. Мысалы, респонденттердің жартысынан көбі (51,3%) жұмыста шет тілдерін толық қол-

данады деп жауап берді. Кәсіби қызметте қазақстандықтардың тек 47,3%-ы аналитикалық қабілеттерді 100%-ға пайдаланады, ал коммуникативтік дағдыларды 46%-ы ғана пайдаланады. Компьютерлік дағдыларды сауалнамаға қатысушылардың 39,7%-ы толығымен қолданады. Көшбасшылық қабілеттерді шетелдік жоғары оқу орындары түлектерінің 31,7%-ы, ал менеджмент бойынша білімді 28,4%-ы барынша пайдаланады. Алынған білімді, құзыреттілік пен дағдыларды максималды деңгейде қолданатын шетелдік жоғары оқу орындарының түлектері-қазақстандықтардың үлесі туралы сауалнама нәтижелері 2-суретте көрсетілген.

Зерттеудің төртінші бөлігінде респонденттердің еңбек нарығындағы қызметкерлердің, оның ішінде шетелдік жоғары оқу орындарының қазақстандық түлектерінің кәсіби жұмыс күшін қолданылуына қатысты мемлекеттік саясат туралы пікірі мен бағасы анықталды.

Сауалнама нәтижелерін талдау, жалпы алғанда, шетелдік жоғары оқу орындарын бітірген қазақстандықтар өз білімдерін, құзыреттері мен дағдыларын жұмыста барынша көп пайдаланбайтындығын көрсетті. Осыған сүйене отырып, зерттеу шетелдік жоғары оқу орындарының қазақстандық түлектердің кәсіби қызметінде өз әлеуетін пайдалануға кедергі келтіретін факторларды зерттеді. Сауалнамаға қатысушылар (34,8%) жұмыста өз білімдері мен құзыреттерін барынша қолдануға жиі кездесетін кедергі ретінде бюрократизмді көрсетті. Респонденттердің пікірінше, мемлекеттік басқару жүйесі шындықтан ажыратылған және формальдылықтарды сақтау мақсатында істің мәнін елемей бар.

Респонденттердің 28,3%-ы шетелде оқуын аяқтаған қазақстандықтардың өз дағдыларын тиімді пайдалануына кедергі келтіретін тағы бір тосқауыл – жалақының төмендігі деп санайды. Жұмыс пен кәсіби өсу үшін тиісті жағдайлардың болмауы қазақстандықтарға (26,8%) өз білімдері мен құзыреттерін жұмыста қолдануға кедергі келтіретін тағы бір фактор болып табылады. Респонденттердің 19,1%-ы өздерінің зияткерлік әлеуетін пайдалануға тағы бір кедергі ретінде жұмыстағы белгісіздікті көрсетті. Басқаша айтқанда, шетелдік жоғары оқу орындарының қазақстандық түлектері жұмыс істейтін ұйымдарда нақты даму стратегиясы жоқ, жұмыс бойынша нақты талаптар мен міндеттер жоқ. Қазақстанда кең таралған құбылыс болып саналатын сыбайлас жемқорлық қазақстандықтардың өз білімдерін, құзыреттері мен дағдыларын барынша қолдануына кедергі келтіретін, респонденттер неғұрлым көп көрсететін 5 фактордың қатарына жатады. Шетелдік жоғары оқу орындары түлектерінің 16,4%-ы осындай пікірге ие. Сауалнама нәтижелері бойынша қазақстандықтардың зияткерлік әлеуетін барынша жоғары деңгейде пайдалануына кедергі келтіретін басқа да факторлар мен кедергілер анықталды. Алайда олардың теріс әсерін респонденттердің аз бөлігі ғана атап өтті. Мәселен, сауалнамаға қатысушылар мәселені жұмысқа қызығушылықтың болмауы (11,6%), басшылар тарапынан танудың болмауы (9,8%) және олардан кері байланыс (6,5%) болмауы, сондай-ақ бастама білдіру мүмкіндігі (8,9%) деп біледі. Сонымен қатар, респонденттер

әлсіз тайм-менеджмент (7,9%), мамандығы бойынша жұмыс істемеу (7,5%), сыйлықақының болмауы немесе сыйлықақы төлемдерінің түсініксіз жүйесі (6,9%), ұжымдағы зиянды атмосфера (5,3%), әріптестермен өзара қарым-қатынас тиімділігін төмендетуге ықпал ететін тілдік кедергі (2,7%) сияқты факторларды атап өтті. Ең аз байқалатын факторлар – денсаулыққа қатысты мәселелер (1,8%) және отбасылық проблемалар (1,7%) [4].

Нәтижелерді талқылау

Әдетте, шетелдік жоғары оқу орындарының қазақстандық түлектерінен кәсіби қызметінде үздік нәтижелер күтіледі, ал жұмыс берушілер түлектер өздерінің зияткерлік әлеуетін толық көлемде пайдаланады деп үміттенеді. Зерттеу көрсеткендей, шетелде оқу қазақстандықтардың кәсіби және жеке дамуына оң әсер етеді. Респонденттердің мотивациясы мен мемлекеттік қолдауды ескере отырып, қазақстандықтар әлемнің үздік жоғары оқу орындарында білім алып, әртүрлі мемлекеттердің студенттерімен өзара қарым-қатынас жасай отырып, өздерінің аналитикалық қабілеттерін, компьютерлік және коммуникативтік дағдыларын жақсартты, көшбасшыларға айналды, менеджмент саласындағы құзыреттердің елеулі деңгейіне қол жеткізді және шет тілін білу деңгейін арттырды.

Сонымен бірге, талдау қазақстандықтардың кәсіби қызметте шетелде алған білімдерін, құзыреттері мен дағдыларын қолдану тиімділігінің жұмыс берушілердің өндірісте күрделі міндеттерді орындауды жалдауға және тапсыруға дайындығының ықпалында екенін көрсетеді. Осы уақытқа дейін, басшылардың алдына қойылған бағдарламалық міндеттерге қарамастан, олар шетелдік жоғары оқу орындарының қазақстандық түлектерінің кәсіби әлеуетін тиімді пайдалануға кедергі келтіретін бірқатар кедергілер мен тосқауылдарды жойған жоқ. Қазақстандықтардың еңбек нарығында қалыптасқан сұранысқа деген үміттері белгілі бір мемлекеттік қолдаусыз, көңілі қалатынын, бюрократизмге, жалақының төмендігіне, сыбайлас жемқорлыққа, жұмыс пен кәсіби өсу үшін жағдайлардың болмауына, ұйымдағы нақты стратегия мен нақты лауазымдық міндеттердің болмауына тап болатынын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері қазақстандықтардың зияткерлік әлеуетін инвестициялау мәселесінде Қазақстан Республикасына мемлекеттік органдар мен басқа да стейкхолдерлер арасындағы келісушілікті және тиімді өзара әрекеттесу секілді кешенді тәсілді қолдану қажеттігін көрсетті.

Мемлекеттің қазақстандықтарды әлемнің үздік университеттерінде оқытуға орасан зор қаражатты жыл сайын инвестициялауы жеткілікті дәрежеде өтелмейді, ал азаматтардың зияткерлік әлеуетін дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың қолданыстағы моделі жеткілікті түрде тиімді емес екені елеулі мәселе болып отыр.

Қорытындылар

Ғылыми зерттеудің қорытындысы бойынша, шетелдік жоғары оқу орындарында оқу аяқталғаннан кейін қазақстандықтар еңбек нарығына белгілі

бір, негізінен әлеуметтік-психологиялық қасиеттер жиынтығымен шығады: аналитикалық қабілеттер, компьютерлік және коммуникативтік дағдылар, көшбасшылық, менеджмент саласындағы білім, тілдік құзыреттер және басқа да дағдылар.

Елдің адами капиталға инвестициялары мемлекеттік деңгейде жеткілікті реттелмейді, еңбек нарығы ұлттық бюджет есебінен дайындалған кәсіби жұмыс күшін тартуға әлсіз ден қояды. Жалпы, бұл шетелдік жоғары оқу орындары түлектерінің кәсіби қызметінде белгілі бір білімдердің, құзыреттер мен дағдылардың қолданылу деңгейін төмен деп сипаттайды. Осылайша, өндірісте білікті жұмыс күшін жұмыспен қамтудың өзекті мәселесі бар, уақыт өте келе бұл шетелде оқытылған жұмысшылардың құзыреттілігінің төмендеуіне және регрессияға әкеледі деп күтілуде.

Бұл зерттеу қысқа мерзімді перспективада бұл әрекеттердің салдары ұзақ мерзімді перспективада нәтижелер жұмыс берушілер үшін де, жалпы мемлекет үшін де апатты болмауы үшін мемлекеттік шараларды қажет ететінін атап өтті.

Осыған байланысты білім беру көші-қоны және адами капиталды дамыту саласындағы тиімді мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі жұмысты бастау ұсынылады:

- еңбек нарығында мамандардың жұмысқа орналасуы мен жұмыспен қамтылуына тұрақты мониторинг жүргізу және көші-қон процестерін, әсіресе білім беру және зияткерлік көші-қон саласында бақылау жүргізу;

- мемлекеттік органдар мен мемлекеттік және атқарушы органдардың жұмыспен қамтуды басқаруына жұмыс әдістерін жаңғырту, озық кәсіптік тәжірибені пайдалану және шетелдік ЖОО түлектерін жауапты және күрделі жұмыс учаскелеріне тиімді тарту туралы ұсынымдар әзірлеу;

- докторантурада кадрлар даярлауға, ғылыми зерттеулерді дамыту және нығайтуға, жаңа технологияларды ашу және ойлап табуға назар аудару;

- өндірістік міндеттерді шешу үшін жоғары білікті мамандарды тартуға әлеуметтік бағдарламалар әзірлеу;

- сарапшылармен тұрақты негізде пікір алмасу, осы салаларда ғылыми зерттеулер жүргізу, шетелдік жоғары оқу орындары түлектерінің әртүрлі қоғамдастықтарын құру, олардың көмегімен олар Қазақстан Республикасын дамыту үшін идеяларды ұсына және іске асыра алады.

Зерттеулердің қаржыландыру көзі

Ғылыми зерттеу 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасы, 102 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» кіші бағдарламасы бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны іске асыруға мемлекеттік тапсырыс шеңберінде, «Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер және келесі тақырып бойынша: ИРН АР13067766 «Білім беру көші-қоны саласындағы саясатты өзгерту: шетелде тұратын қазақстандықтардың зияткерлік әлеуетін пайдалану стратегияларын әзірлеу» басымдығы бойынша жүзеге асырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Human Capital Investment: The Returns from Education and Training to the Individual, the Firm and the Economy [Text] / R. Blundell, L. Dearden, C. Meghir, B. Sianesi // *Fiscal Studies*. - 1999. - Vol. 20, № 1. - P.1-23.
2. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 14 декабря 2012 года «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет». – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050>. Қаралған күні: 19.07.2022.
3. Центр международных программ. (2022). <https://bolashak.gov.kz/>
4. Анализ эффективности применения профессиональных знаний и компетенций выпускников зарубежных вузов в Казахстане в контексте интеллектуальной миграции [Текст] / Б. Бокаев, А. Каймолдиев // Государственное управление и государственная служба. – 2021. – Т. 77, № 2. – С.95-108. DOI: <https://doi.org/10.52123/1994-2370-2021-222>
5. China extends measures to attract foreign talent / Chan, DM. (2019, July 31). *Asia Times*. - URL: <https://asiatimes.com/2019/07/china-extends-measures-to-attract-foreign-talent/>
6. Указ Президента Республики Казахстан от 26 февраля 2021 года № 521 «О внесении изменений в Указ Президента Республики Казахстан от 15 февраля 2018 года № 636 «Об утверждении Стратегического плана развития Республики Казахстан до 2025 года и признании утратившими силу некоторых указов Президента Республики Казахстан» // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет». – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000521#z11>. Қаралған күні: 19.07.2022.
7. Государственное регулирование миграционных процессов в Республике Казахстан: вызовы и риски [Текст] / Б. Бокаев, Е. Оспанов // Государственное управление и государственная служба. - 2018. - Т. 66, № 2. – С.2–13.
8. Human capital theory and education policy in Australia [Text] / J. Quiggin // *Australian Economic Review*. - 1999. – Vol. 32 № 2. – P. 130-144. <https://doi.org/10.1111/1467-8462.00100>
9. Brain drain or human capital flight [Text] / N. Ul Haque // *Lectures in Development Economics*. - 2007. Vol. 11. – P. 1-51.
10. Using human capital theory to develop a policy approach towards college student migration in Illinois (Doctoral dissertation) [Text] / R. L. Smith // - 2006. - Retrieved from Institute of Education Sciences. Accessed: 23.03.2021.
11. Закон Республики Казахстан от 6 января 2012 года № 527-IV «О национальной безопасности Республики Казахстан» // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет». – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1200000527> Қаралған күні: 19.07.2022.
12. Совет безопасности. События. Глава государства подписал Указ «Об утверждении Стратегии национальной безопасности Республики Казахстан на 2021-2025 годы» // Официальный сайт Президента Республики Казахстан. <https://www.akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-podpisal-ukaz-ob-utverzhdenii-strategii-nacionalnoy-bezopasnosti-respubliki-kazahstan-na-2021-2025-gody-215354>. Қаралған күні: 19.07.2022.

REFERENCES

1. Human Capital Investment: The Returns from Education and Training to the Individual, the Firm and the Economy. R. Blundell, L. Dearden, C. Meghir, B. Sianesi. *Fiscal Studies*. 1999. Vol. 20, No 1, pp.1-23.
2. Poslanie Prezidenta Respubliki Kazahstan - Lidera Nacii N.A. Nazarbaeva narodu Kazahstana ot 14 dekabrya 2012 goda "Strategija "Kazahstan-2050": novyj politicheskij kurs sostojavshegosja gosudarstva" [Address by the President of the Republic of Kazakhstan, Leader of the Nation, N.Nazarbayev "Strategy Kazakhstan-2050": new political course of the established state"]. Informacionno-pravovaja sistema normativnyh pravovyh aktov Respubliki Kazahstan "Adilet" [Legal information system of Regulatory Legal Acts of the Republic of Kazakhstan "Adilet"]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050>. Accessed: 19.07.2022.

3. Centr mezhdunarodnyh program [The Center for International Programs]. (2022). <https://bolashak.gov.kz/>
4. Analiz jeffektivnosti primeneniya professional'nyh znaniy i kompetenciy vypusnikov zarubezhnyh vuzov v Kazahstane v kontekste intellektual'noj migracii [Analysis of the effectiveness of the application of professional knowledge and competencies of graduates of foreign universities in Kazakhstan in the context of intellectual migration]. B. Bokaev, A. Kajmoldiev [B. Bokayev, A. Kaimoldiyev]. Gosudarstvennoe upravlenie i gosudarstvennaja sluzhba [Public Administration and Civil Service]. 2021. Vol. 77, No 2. pp. 95-108. DOI: <https://doi.org/10.52123/1994-2370-2021-222>
5. China extends measures to attract foreign talent / Chan, DM. (2019, July 31). Asia Times. - URL: <https://asiatimes.com/2019/07/china-extends-measures-to-attract-foreign-talent/>
6. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 26 fevralja 2021 goda № 521 "O vnesenii izmenenij v Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 15 fevralja 2018 goda № 636 "Ob utverzhenii Strategicheskogo plana razvitiya Respubliki Kazahstan do 2025 goda i priznanii utrativshimi silu nekotoryh ukazov Prezidenta Respubliki Kazahstan" [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated February 26, 2021 No. 521. On amendments to the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated February 15, 2018 No. 636 "On approval of the Strategic Development Plan of the Republic of Kazakhstan until 2025 and invalidation of certain decrees of the President of the Republic of Kazakhstan"]. Informacionno-pravovaja sistema normativnyh pravovyh aktov Respubliki Kazahstan "Adilet" [Legal information system of Regulatory Legal Acts of the Republic of Kazakhstan "Adilet"]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000521#z11>. Accessed: 19.07.2022.
7. Gosudarstvennoe regulirovanie migracionnyh processov v Respublike Kazahstan: vyzovy i riski [State regulation of migration processes in the Republic of Kazakhstan: challenges and risks]. B. Bokaev, E. Ospanov [B. Bokayev, A. Kaimoldiyev]. Gosudarstvennoe upravlenie i gosudarstvennaja sluzhba [Public Administration and Civil Service]. 2018. Vol. 66, No 2. pp. 2–13.
8. Human capital theory and education policy in Australia. J. Quiggin. Australian Economic Review. 1999. Vol. 32, No 2. pp. 130-144. <https://doi.org/10.1111/1467-8462.00100>
9. Brain drain or human capital flight. N. Ul Haque. Lectures in Development Economics. 2007. Vol. 11, pp. 1-51.
10. Using human capital theory to develop a policy approach towards college student migration in Illinois (Doctoral dissertation). R. L. Smith. 2006. - Retrieved from Institute of Education Sciences. Accessed: 23.03.2021.
11. Zakon Respubliki Kazahstan ot 6 janvarja 2012 goda № 527-IV «O nacional'noj bezopasnosti Respubliki Kazahstan» [Law of the Republic of Kazakhstan dated January 6, 2012 No. 527-IV "On national security of the Republic of Kazakhstan"]. Informacionno-pravovaja sistema normativnyh pravovyh aktov Respubliki Kazahstan "Adilet" [Legal information system of Regulatory Legal Acts of the Republic of Kazakhstan "Adilet"]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1200000527>. Accessed: 19.07.2022.
12. Sovet bezopasnosti. Sobytiya. Glava gosudarstva podpisal Ukaz «Ob utverzhenii Strategii nacional'noj bezopasnosti Respubliki Kazahstan na 2021-2025 gody». Oficial'nyj sajt Prezidenta Respubliki Kazahstan [The Security Council. Events. The Head of State signed a decree "On approval of the National Security Strategy of the Republic of Kazakhstan for 2021-2025"]. <https://www.akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-podpisal-ukaz-ob-utverzhenii-strategii-nacionalnoy-bezopasnosti-respubliki-kazahstan-na-2021-2025-gody-215354>. Accessed: 19.07.2022.